

«ACTION RESEARCH ӘДІСІ НЕГІЗІНДЕ ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ DAҒДЫСЫН ДАМЫТУ»

Суюншалиева Шынар Марсовна

Информатика және білім беруді ақпараттандыру
мамандығының 2 курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Мухамбетова Мейрамгуль Жароллаевна

Информатика мамандығы бойынша
философия докторы (PhD),

Нурбекова Гульмира Фазылгаламовна

Информатика мамандығы бойынша
философия докторы (PhD),

Андатпа: Бұл мақала Action Research (әрекеттік зерттеу) әдісіне негізделіп үлгерімі төмен оқушылардың оқу дағдысын дамыту және мұғалімнің өз тәжірибесін зерттеу, талдау және жетілдіруіне бағытталған.

Үлгерімі төмен оқушылардың оқу дағдысының ерекшеліктері, информатика пәніндегі негізгі оқу қиындықтары және оларды анықтауға арналған диагностикалық тәсілдер сипатталады. Сонымен қатар оқу дағдысын дамытудың танымдық, реттеушілік, мотивациялық және коммуникативтік компоненттерін қалыптастыруға бағытталған әдістер жүйесі ұсынылады. Информатика сабақтарында тапсырма мәтінімен жұмыс, алгоритмдік ойлауды дамыту, өзіндік бақылау және рефлексия жүргізу, қателікпен жұмыс жасау, дифференциация және қадамдық қолдау (scaffolding) тәсілдері нақты мысалдар арқылы көрсетіледі.

Бұл мақала Action Research (әрекеттік зерттеу) әдісіне негізделіп үлгерімі төмен оқушылардың оқу дағдысын дамыту және мұғалімнің өз тәжірибесін зерттеу, талдау және жетілдіруіне бағытталған.

Аннотация: Данная статья основана на методе исследования действий и направлена на развитие навыков чтения у отстающих учеников, а также на изучение, анализ и совершенствование собственного опыта учителя.

Описаны особенности навыков чтения у отстающих учеников, основные трудности в обучении информатике и диагностические методы их выявления. Кроме того, предложена система методик, направленная на формирование познавательной, регулятивной, мотивационной и коммуникативной составляющих развития навыков чтения. На уроках информатики на конкретных примерах демонстрируются работа с текстом задания, развитие алгоритмического мышления, проведение самоконтроля и рефлексии, работа с ошибками, дифференциация и поэтапная поддержка (скаффолдинг).

Abstract: This article is based on the method of action research and is aimed at the development of reading skills of lagging students, as well as at the study, analysis and improvement of the teacher's own experience.

Description of special features of reading skills of lagging students, major difficulties in learning computer science and diagnostic methods are major changes. In addition, a methodological system is proposed, aimed at the formation of cognitive, regulatory, motivational and communicative components of the development of reading skills. Working with the text of the task, developing algorithmic thinking, conducting self-control and reflection, working with errors,

differentiation and step-by-step support (scaffolding) are demonstrated in computer science lessons on concrete examples.

Қазіргі мектеп тәжірибесінде үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу білім беру процесінің ең күрделі бағыттарының бірі болып табылады. Үлгерімі төмен оқушы ұғымы көбіне оқу жетістігінің төмен көрсеткіштерімен ғана шектеліп қарастырылады, алайда педагогикалық тұрғыдан бұл мәселе әлдеқайда кең мағынаға ие. Үлгерімнің төмендігі оқушының танымдық қабілеттерімен қатар, оның оқу дағдысының қалыптасу деңгейімен, оқу әрекетін ұйымдастыру қабілетімен, мотивациялық және эмоциялық жағдайымен тығыз байланысты болады.

Үлгерімі төмен оқушылардың басты ерекшеліктерінің бірі - оқу әрекетінің жүйесіздігі. Мұндай оқушылар көбіне тапсырманы орындау барысында не істеу керектігін толық түсінбейді, әрекеттер ретін жоспарлай алмайды және нәтижеге жету жолын саналы түрде таңдауға қиналады. Олар оқу тапсырмасын механикалық орындауға бейім болып, оқу әрекетінің мәнін, мақсатын және логикасын толық ұғынбайды. Бұл жағдай әсіресе информатика пәнінде айқын байқалады, себебі пән мазмұны алгоритмдік ойлауды, нақты қадамдарды сақтауды және өзіндік бақылауды талап етеді.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізуде ең алдымен олардың оқу қиындықтарының себептерін дұрыс анықтау қажет. Көп жағдайда үлгерімнің төмендігі пәндік білімнің жетіспеушілігінен емес, оқу дағдысының әлсіз қалыптасуынан туындайды. Мысалы, оқушы информатика пәнінің негізгі ұғымдарын білуі мүмкін, бірақ тапсырманы орындау кезінде шартты дұрыс оқымай, талаптарды елемей немесе әрекеттер ретін сақтамай қате жібереді. Мұндай жағдайда мәселе білім көлемінде емес, оқу әрекетін ұйымдастыру қабілетінде екенін байқауға болады.

Үлгерімі төмен оқушылардың тағы бір маңызды ерекшелігі - мұғалімге шамадан тыс тәуелділік. Олар тапсырманы өз бетінше бастауға қиналады, жиі нұсқаулық сұрайды және қателік жіберуден қорқады. Бұл тәуелділік оқушының оқу дербестігінің қалыптаспағанын көрсетеді. Мұндай оқушылар үшін мұғалімнің әрбір қадамын бақылауы қажет сияқты көрінеді, алайда бұл тәсіл ұзақ мерзімді перспективада оқу дағдысының дамуына кедергі келтіреді.

Педагогикада Action Research әдісі «мұғалімнің зерттеуі», «тәжірибеге бағытталған зерттеу», «іс-әрекеттік зерттеу» ұғымдарымен сипатталады. Бұл ұғымдардың барлығы бір ортақ мазмұнды білдіреді, яғни мұғалім өз тәжірибесіндегі проблеманы анықтап, оны зерттеу нысанына айналдырады және педагогикалық интервенция арқылы шешуге ұмтылады. Мұндай тәсіл мұғалімге оқу процесін сырттан бақылаушы емес, белсенді өзгерістер енгізуші ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Action Research әдісінің педагогикалық мәні оның оқушыға бағытталғандығымен айқындалады. Бұл әдісте оқушының оқу әрекетіндегі қиындықтар, оқу дағдысының әлсіз тұстары және оқу қажеттіліктері басты назарда болады. Мұғалім оқу проблемасын жалпы сипатта емес, нақты оқушы немесе оқушылар тобының қажеттілігі тұрғысынан талдайды. Әсіресе үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс барысында Action Research әдісі оқыту тәсілдерін жекелендіруге және оқу дағдысын дамытуға мүмкіндік береді.

Action Research әдісінің теориялық негіздері бірнеше педагогикалық бағыттармен тығыз байланысты. Солардың бірі - конструктивистік оқыту теориясы. Бұл теорияға сәйкес білім алушы дайын ақпаратты пассивті түрде қабылдамайды, керісінше белсенді әрекет арқылы өз білімін құрастырады. Action Research әдісі дәл осы қағидаға сүйенеді, себебі мұғалім оқушылардың белсенді оқу әрекетін ұйымдастыруға, тапсырмаларды оқушының деңгейіне бейімдеуге және оқу процесінде рефлексия жүргізуге мүмкіндік жасайды.

Информатика пәнінде Action Research әдісін қолданудың педагогикалық маңызы ерекше. Себебі информатика сабақтарында оқу қиындықтары көбіне тапсырманы түсіну, әрекеттер ретін жоспарлау, алгоритмдік ойлау және өзіндік бақылау дағдыларының жеткіліксіз дамуымен байланысты болады. Action Research әдісі мұғалімге осы қиындықтарды нақты анықтап, оларды жоюға бағытталған әдістемелік шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс барысында Action Research әдісі оқушының оқу әрекетін терең талдауға көмектеседі. Мұғалім оқушының тапсырманы қалай түсінетінін, қай кезеңде қате жіберетінін, қандай қолдау қажет екенін бақылау арқылы анықтайды. Бұл деректер негізінде педагогикалық интервенция жоспарланып, оқу процесіне енгізіледі. Мұндай тәсіл оқу дағдысын дамытуда кездейсоқ әрекеттерден гөрі дәлелді және жүйелі жұмысты қамтамасыз етеді.

Action Research әдісінің педагогикалық құндылығы мұғалімнің кәсіби рөлінің өзгеруімен де байланысты. Бұл әдісті қолдану барысында мұғалім өз тәжірибесіне сын көзбен қарап, оны жетілдіруге ұмтылады. Мұғалім оқу процесінде кездесетін қиындықтарды проблема ретінде емес, даму мүмкіндігі ретінде қабылдайды. Бұл кәсіби рефлексия мен үздіксіз даму мәдениетін қалыптастырады.

Интервенцияны жоспарлау кезінде бақылау және бағалау құралдары да алдын ала белгіленуі тиіс. Action Research әдісінің ерекшелігі - педагогикалық өзгерістердің тиімділігі нақты деректер арқылы бағаланады. Сондықтан мұғалім интервенция барысында қандай көрсеткіштерге назар аударатынын анықтайды. Бұл көрсеткіштерге тапсырма орындау сапасы, қателер санының азаюы, өзіндік бақылау жүргізу жиілігі, оқушының белсенділігі және оқу әрекетіне қатысу деңгейі кіруі мүмкін.

Интервенция жоспарына рефлексия элементтерін енгізу де маңызды. Әрбір интервенциялық кезеңнен кейін мұғалім мен оқушы рефлексия жүргізіп, қандай әдіс тиімді болғанын, қандай қиындықтар сақталғанын және келесі қадамда нені өзгерту қажет екенін талдайды. Бұл рефлексия интервенцияны үздіксіз жетілдіруге және Action Research циклінің келесі кезеңіне көшуге мүмкіндік береді.

Үлгерімі төмен оқушыларға арналған педагогикалық интервенцияны жоспарлау барысында уақыт факторын да ескеру қажет. Оқу дағдысы қысқа мерзімде қалыптаспайтындықтан, интервенция бірнеше сабаққа немесе белгілі бір уақыт аралығына жоспарлануы тиіс. Мұғалім интервенцияның ұзақтығын, кезеңдерін және әр кезеңде қандай әдістер қолданылатынын нақты белгілейді. Бұл оқу процесін жүйелі ұйымдастыруға көмектеседі.

Педагогикалық интервенцияны жоспарлау - Action Research әдісінің ең жауапты кезеңдерінің бірі. Бұл кезеңде мұғалім оқу қиындықтарын нақты анықтап, мақсатты, жекелендірілген және дәлелді әдістемелік шешімдер қабылдайды. Информатика пәнінде үлгерімі төмен оқушылардың оқу дағдысын дамытуға бағытталған интервенция дұрыс жоспарланған жағдайда, оқу әрекетінің сапасы артып, оқушылардың оқу жетістігі біртіндеп жақсарады. Сондықтан интервенцияны жоспарлау ғылыми негізде, жүйелі және рефлексияға бағытталған түрде жүзеге асырылуы тиіс.

Қорытындылай келе, Action Research әдісі педагогикалық тәжірибені жетілдірудің, оқу процесін жекелендірудің және үлгерімі төмен оқушылардың оқу дағдысын дамытудың тиімді құралы болып табылады. Бұл әдіс мұғалімге оқу қиындықтарын ғылыми негізде талдауға, педагогикалық интервенцияны мақсатты түрде жоспарлауға және оқу нәтижесін жақсартуға мүмкіндік береді. Информатика пәнінде Action Research әдісін қолдану оқу дағдысын дамытуға бағытталған әдістемелік жұмыстың сапасын арттырып, оқушының оқу әрекетін жаңа деңгейге көтереді.

Информатика пәнін оқыту барысында оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру және үлгерімі төмен білім алушыларға тиімді педагогикалық қолдау көрсету қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Оқу тапсырмаларын дұрыс түсіну, әрекеттер ретін жоспарлау, алгоритмдік ойлау және өзіндік бақылау жүргізу сияқты оқу әрекеттері оқушылардың оқу жетістігіне тікелей әсер етеді. Сондықтан информатика пәнінде оқу дағдысын мақсатты түрде дамыту мұғалімнің әдістемелік жұмысының негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылуы тиіс.

Информатика пәнінде үлгерімі төмен оқушылардың оқу дағдысын дамыту мәселесі Action Research әдісі негізінде қарастырылып, оқу әрекетін жетілдіруге бағытталған ғылыми-әдістемелік тәсілдер жүйесі ұсынылды. Зерттеу барысында оқу дағдысының танымдық, реттеушілік, мотивациялық және коммуникативтік компоненттері талданып, олардың өзара байланысы анықталды. Сонымен қатар оқу әрекетінде кездесетін негізгі қиындықтарды жоюға бағытталған педагогикалық интервенция әдістері сипатталды.

Әдістемелік құралдың теориялық бөлімінде оқу дағдысын қалыптастырудың педагогикалық негіздері, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізудің ерекшеліктері және информатика пәнінің оқу дағдысын дамытудағы мүмкіндіктері қарастырылды. Информатика пәнінің алгоритмдік сипаты, әрекеттік бағыты және жедел кері байланыс беру мүмкіндігі оқу әрекетін тиімді ұйымдастыруға жағдай жасайтыны анықталды.

Практикалық бөлімде Action Research әдісінің негізгі кезеңдері - жоспарлау, әрекет ету, бақылау және рефлексия - оқу процесіне енгізу тұрғысынан сипатталып, педагогикалық интервенцияны жоспарлау мен жүзеге асырудың әдістемелік үлгісі ұсынылды. Сонымен қатар оқу дағдысын дамытуға бағытталған танымдық тапсырмалар, ойын элементтері, бірлескен оқу әдістері, цифрлық технологияларды қолдану тәсілдері және оқу нәтижесін бағалау құралдары ұсынылды.

Ұсынылған әдістемелік тәсілдерді жүйелі түрде қолдану нәтижесінде оқушылардың тапсырма мәтінін түсінуі, алгоритмдік ойлау қабілеті, өзіндік бақылау және рефлексия дағдылары дамиды. Бұл оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығының артуына және информатика пәні бойынша оқу жетістігінің жақсаруына ықпал етеді.

Сонымен қатар Action Research әдісін қолдану мұғалімнің кәсіби дамуына оң әсер етеді. Мұғалім оқу процесіндегі қиындықтарды анықтап, педагогикалық тәжірибесін талдау арқылы тиімді әдістемелік шешімдер қабылдай алады. Бұл оқу процесін үздіксіз жетілдіруге және білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Абдильдина Г.М. Цифрлық білім беру жағдайында оқыту әдістемесін жетілдіру. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
- 2 Аймағамбетова С.Ж. Оқушылардың оқу дағдысын қалыптастырудың педагогикалық негіздері. – Алматы: Рауан, 2020.
- 3 Әбділдаева А.Т. Информатика пәнін оқытудағы жекелендірілген тәсілдер. – Алматы: Атамұра, 2022.
- 4 Баймұратова Б.Қ. Құзыреттілікке негізделген оқыту технологиялары. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
- 5 Бөрібаев Б. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және білім беру. – Алматы: Білім, 2020.
- 6 Құдайбергенова К.Е. Оқу әрекетін ұйымдастырудың заманауи әдістері. – Алматы: НИЦ «Өрлеу», 2021.
- 7 Мұхамеджанова С.Т. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізудің педагогикалық жолдары. – Алматы: Рауан, 2022.

8 Нұғыманова А.А. Action Research әдісін білім беру процесінде қолдану. – Алматы: Қазақ университеті, 2023.

9 Сарсенова А.К. Информатика сабақтарында оқу мотивациясын арттыру әдістемесі. – Алматы: Білім, 2021.

10 Тілеубергенова Ж.М. Алгоритмдік ойлауды қалыптастырудың әдістемелік негіздері. – Алматы: Атамұра, 2022.

11 Хамзина Г.Б. Педагогикалық рефлексия және мұғалімнің кәсіби дамуы. – Алматы: Рауан, 2020.